

АЙҚЫН

ҚАЗЫНАҒА ТҰНҒАН БӨКЕЙ ОРДАСЫ



Қазақтың қасиетті өңірі – Батыс Қазақстан облысындағы әйгілі Бөкей Ордасына сапар шегіп, тарихқа бай мекеннің жай-күйін көзбен көріп, көңілмен тоқып қайтуға Орал қаласынан шығып, жеті жүз шақырым жердегі Хан ордасына беттеп келеміз. Жүйрік көңіліміз тезірек көрмекке асық.

Бөкей Ордасы ауданының әкімі Нұрлан Рахымжанов бастаған бір шоғыр жұрт біздерді Хан қорымы басында күтіп алды. Біздер дегеніміз – көркем сөздің көрнекті шебері, жазушы-драматург, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Сәбит аға Досанов пен зайыбы Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, академик Құралай Аққошқарова және Мәскеудегі Тимирязев академиясының профессоры, академик Серік Тойғамбаев пен осы

жолдар авторы. Қасымызда қас-қабағымызға қараған жолбастаушы – Батыс Қазақстан облысының мәдениет басқармасының бастығы Қадырболат Мұсағалиев бар.

Жәңгір ханның ақ тастан қиып жасалған кесенесінің оң жағында туыс інісі, атақты күйші Дәулеткерей Шығайұлының, сол жағында этнограф-ғалым Мұхамед – Салық Бабажановтың күмбездері жарқырап тұр. Аздаған айырмашылықтары болмаса, үшеуі де ақ тастан бір үлгіде салынған. Имам Құран оқуды бастады. Молдамен бірге дұға бағыштап, бет сипасқан соң, тарихи тұлғалардың мәңгілік мекендеріне тәу етуді қақ ортада тұрған биік күмбезді Жәңгір ханның мазарынан бастадық. Айналасында ескі құлпытастар қаптап тұр. Білетіндер олардың саны 500-дей десті. Оның бәрі Бөкей әулетінен шыққан марқұмдарға тиесілі көрінеді. Арнайы нөмірленіп, зерттеу жұмыстары жасалып жатыпты. Хан тұқымдарының тегіні болмас, бәрі бір-бір тұлға екенін зерделей білсек, бұл жер тұтас тарихи Пантеон болары анық. Жәңгір хан кесенесі 1997 жылы салынып, Елбасы Н.Назарбаевтың өзі арнайы келіп ашқан. Хан 1845 жылы Тарғын өзені бойында (қазіргі Волгоград облысы, Палласовка ауданы Савинка селосы орналасқан жер) жазғы Ставкасында қайтыс болған көрінеді. Төрт жылдан соң сүйегі қазып алынып, өзінің аманаты бойынша 1849 жылы осы араға қайта жерленген екен. Әу бастағы ағаштан қиып салынған кесенесін 1933 жылы жергілікті шолақ белсенділер шаруашылық қажеттігі үшін бұзып алыпты. Құлпытасы сол күйі сақталған. Қасында сүйікті биісі Фатимаға атбесік қойылыпты. Өкінішке қарай, оның құлпытасы табылмапты. Хан кесенесінің ішкі қабырғасына Жәңгірдің өнегелі өмірінен сыр аңдататын сөздер ойымшталып жазылыпты. Расында, Еуропаға терезе ашқан, соңына әлемге ұялмай көрсетуге болатын салтанатты Хан сарайын қалдырған Жәңгірден басқа қай ханымыз бар десейші?!

Сайқал саясаттың салқыны ұрған кеңестік кезеңде:

– Хан емессің, қасқырсың,

Қас албасты басқырсың,

Хан емессің, ылаңсың,

Қара шұбар жылансың, – деп мектепте оқушы кезімізде таңдайымыз тақылдап талай жаттап едік. «Кешіре гөр, Хан Ием!» деп іштей күбірледік.

Ханның қос қапталындағы Дәулеткерей мен ел-жұрты кезінде «Салық өлді дегенше, халық өлді десейші» деп жоқтаған Мұхамед-Салықтың кесенелеріне тәу еткен соң, қол созымдағы қыр астындағы құмды ауылда орналасқан Бөкей Ордасы тарихи-музей кешеніне ат басын бұрдық. Хан ордасы ауылында бес жүздей түтін бар екен. Ауыл арасында шаңдатып «Джип» көлігін дөңгелетіп жүргендер көп. Төрт түлік малдың арқасында шаруасы шалқыған ауыл секілді. Сірә, судан басқаның бәрі бар-ау деп қалдық. Әр-әр жердегі ойдым-ойдым көлшіктер еріген қар суы екен. Бәсе, құмда қайдағы су болсын?! Ауыл маңайында Жәңгір ханның өз қолымен еккен қалың тоғайы бар екен. Жайқалып тұрыпты. Кешегі 90 жылдардағы қиыншылықта тұрғындар қанша жерден отын-судан тарықса да, «Хан тоғайының» бір шыбығына да балта шаппапты. Киелі топырағын қастерлеген ауыл халқының сана-сезімінің биіктігіне риза болдық. Ауылдағы ақ кірпіштен соғылған үш қабатты мектеп – Жәңгір хан атында. Мектеп алдында хандар ғана киетін мұрағын бір шекесіне қисайта киген Жәңгірдің бюсті тұр. Бөкей Ордасы тарихи-музей кешені қақпасы алдында ауыл ақсақалдары мен ақ жаулықты әжелер, қаз-қатар тізілген мектеп мұғалімдері Сәбит аға бастаған қонақтарды салтанатпен қарсы алып, дәм-тұз ұсынды. Көптен бері Алматы мен Астанадан ірі кісілер келмеді ме екен, жұрт қауқылдасып, қуанысып, мәре-сәре болып жатыр. Жұрт жазушысын сағынып қалыпты.

Екі ғасырлық шежіресі бар Бөкей Ордасы тарихи-музей кешені жатқан бір тұтас қалашық екен. Жасыл-желекке көмкеріліп тұр. Ауладағы құдықтан су іштік. Аздаған құмның кермек дәмі бар суы тастай суық екен. Аптап ыстықта рахаттанып қалдық. Алдымен қызыл кірпіштен 1867 жылы салынған өзгеше өрнекті «Казначейство» сарайына бас

сұқтық. Бұл қазынашылық үйі заманында жергілікті жұртқа банк болып қызмет еткен. Қазір Орда тарихы музейі. Кіре берісте үш есігі айқара ашық үлкен сейф тұр. Салмағы бір тонна 800 келі екен. Жәңгір ханның жеке сейфі деседі. Жұртпен бірге ырымдап, ішіне азын-аулақ ақша тастадық. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев киелі Орда топырағына екі рет аяқ басыпты. 1997 жылы Бөкей Ордасы музейінің естелік кітабына «Орда тарихы музейінен зор әсер алдым. Өз жерінің, өз елінің тарихын, атақты азаматтарын құрметтей білу деген халық сана-сезімінің өсуіне себеп болмақ» деп қолтаңба қалдырыпты. Шынында да, бұл тарихи музей бөкейліктердің әр кезеңдегі өмірін, шаруашылығын, мәдениеті мен сауда-саттық, тұрмыс-салтын бейнелейтін экспонаттарға бай екен. 1801 жылы құрылған Бөкей ордасындағы Жәңгір хан билігі кезіндегі медицина саласының дамуы, сауда-саттық ісі, пошта байланысы, тұңғыш мектеп секілді өзгерістермен қатар, Исатай-Махамбет бастаған халық көтерілісі экспозициясынан кеңес дәуірі кезеңіне дейін толық қамтылған. Бір бүйірде Исатай Тайманұлының өз қолымен сарбазы Шотұлы Аренге сыйлаған қанжары тұр. Ұлы Отан соғысы жылдары Гитлердің бомбасы Батыс Қазақстанның Жәнібек пен Орда аудандарына да түскен. Орда ауданының орталығы Сайқында теміржолды бомбалапты. Сол түскен снаряд, бомбалар ауыл тұрғындарының ауласынан әлі күнге жер қазғанда табылып жатады екен. Тіпті біз келген ауылдың бір тұрғыны снаряд екенін білмей, тот басқан темірді ауласында ұзақ жылдар сақтап келіпті. Абырой болғанда, бұл жағдай тәртіп сақшысының құлағына жетіп, арнайы саперлер келіп, жарылмаған бомбаны ауыл шетіне апарып залалсыздандырыпты. Майдан шебінің іргесінде тұрған ауыл өткеннен хабар беретін деректер мен жәдігерлерге тұнып тұр. Бұл ауданнан 25 адамның ерен еңбегі үшін Социалистік Еңбек Ері атануы ордалықтардың тегін жандар еместігін танытады. Мәншүк Мәметовамен қатар бұл ауданнан тағы екі адам Кеңес Одағының Батыры атанған екен. Мәншүк демекші, жазушы Сәбит Досановқа облыс әкімі батыр қыз жайында спектакльге сценарий жазсаңыз деген ұсыныспен шыққан екен. Қаламгер қуана қабыл алып, шабытты шығарма тудырыпты. Осы спектакльдің Батыс Қазақстан облыстық қазақ драма театрында сәтті сахналанғанын айта кетелік. Музейден шығарда дәстүр бойынша естелік кітапқа қолтаңба қалдырып, суретке түстік.

Енді аяндап қазақ даласында бүгінге дейін сақталған бірден-бір Хан сарайына бет алдық. Қарағайдан қиып салынған Хан сарайының «Қару-жарақ палатасының» іргетасы 1827 жылы қаланған. Ішкі Орда қазақтарын отырықшылыққа негіздеген алғашқы үй. Басты корпусы екі қабатты, екі жағында балконы бар, 23 бөлмеден тұратын ағаш үй. 1828 жылы Жәңгір хан бір бөлмесінен «Қару-жарақ палатасын» ашады. Мұнда Жәңгір хан әулеттік-династиялық құнды заттар мен тарихи құнды құжаттарды жинақтаған. Яғни, осы өнер музейі арқылы арқылы хан халыққа Еуропа мәдениетін таратуды мақсат тұтқан.

Хан сарайының сол жақ шеткі бөлігі ғана осы күнге аман-есен жетіпті. Қалған бөлігі мұрағатта сақталынып бізге жеткен хан Жәңгір үйінің жобасы мен қасбетінің түпнұсқасымен бірдей етіліп қайта қалпына келтірілген. Жәңгір 1824 жылы 27 қыркүйекте Хан сарайын салу үшін Орынбор әскери губернаторы П.Эссенге өтініш жолдап, 1825 жылы ханға үй салуға рұқсат беріледі.

Хан сарайы тұтас еуропалық үлгіде жасақталған. Ішіндегі қымбат мүліктер мен аяқтабақтардың бәрі XIX ғасырда жасалынған. Хан сарайында болған ғалымдар мен саяхатшылар батыс үлгісінде дайындалған тағам мәзіріне қатты таңғалысқан. Фатима ханымның күйсандығы, Петерборда балда ақ патшамен билеген сәндік көйлегіне дейін тұр. Қару-жарақ бөлмесінде неше түрлі соғыс құралдары – тапаншалар, садақ, шоқпар, айбалта, қылыш, қанжар, найза, қорғаныс құралдары – дулыға, сауыт, қалқан, қамшы және әртүрлі үлгідегі ер-тоқымдар, ат әбзелдері көздің жауын алады. Зергерлік бұйымдар залы да түрлі

сәндік әшекейлерімен алтын қолды шеберлер дәстүрінің үзілмегенін паш етеді. Екінші қабатқа Жәңгір ханның алтын тағы қойылыпты. Сол заманда балаларға балмұздақ шығаратын аппаратқа дейін әкелген Жәңгір ханның заманынан оқ бойы озып туған алғырлығына сүйсініп, сән-салтанатына көз тойып, көңіл тоғайды. Әрине, бүгінгі шіріген қазақ байларының үй-жайы бұдан жүз есе асып түсетін шығар, бірақ екі ғасыр бұрынғы қазақ даласы үшін мынау Хан ордасы ғажайып ертегідей елестері хақ.

1918 жылы ашылған тұңғыш қазақ кеңестік баспаханасы музейі де осы Хан сарайы аумағында. Жеке ағаш үй. Баспахана ғимаратының түпнұсқасы негізінде «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша салынған. Мұнда Бөкей ордасындағы баспа ісінің ұйымдастырылуы мен қалыптасуы кезіндегі жәдігерлер қойылған. 1911 жылы 16 наурызда Ордада шығарылған «Қазақстан» газетінің 1 санына дейін сақталынған. Бұл газет Шәңгерей Бөкеев, Ғұмар Қараш, Бақытжан Қаратаев, Сейітқали Меңдешовтердің ұйымдастыруымен жарыққа шыққан. Небәрі 18 саны шыққанмен, қазақ жеріндегі халықтық-демократиялық бағыттағы тұңғыш басылым болуымен құнды. Кеңес өкіметі орнаған соң Мәскеуде Ұлт істері халық комиссариаты жанынан құрылған Қазақ бөлімі Бөкей ордасына көшірілген. Қазіргі «Орал өңірі» облыстық газеті бастауын осы жерден алады. Көненің көзіндей сол замандағы баспахана құрал-жабдықтары, станоктар, жазу мәшіңкелері тұр.

Биік күмбезді мұнарасы бар, қызыл кірпішпен өріліп, ақ колонналармен көмкерілген «Хан мешіті» 1835 жылы Жәңгір ханның өз жобасы бойынша еуропалық архитектура үлгісімен үйінің ауласына салынған. Жәңгір ханның немересі Шәңгерей Бөкеев жырлайтын «Ай белгілі ақ мешіт» – осы. Ғибадат ететін бұл ғимарат қазір Тәуелсіздік музейіне айналған. Бөкей ордасындағы хан Жәңгірдің өз қаражатына ашқан училищесі қазақ тарихындағы жаңа үлгідегі мектеп болуымен ерекшеленеді. Бұл мектепте орыс, шығыс тілдерімен қоса, арифметика, география және діни пәндер жүргізілген. Шекті аспаптар оркестрі, хор, бай кітапхана болған. 1827 жылы салынған дәрігер А.Сергачев үйі, 1868 жылы салынған Тарғын мектебі, 1883 жылы салынған Қыздар училищесі секілді бас-аяғы 13 ғимарат тұтас бір ансамбль құрап, Хан ордасының сән-салтанатын арттырып тұр. Бәрі қайта жаңғыртылған. Кең аймақты алып жатқан, XIX ғасырдың ортасында бес жүз түтіні (300 мың адам) болған Бөкей ордасында бұдан басқа да бірнеше мектептер болған. Жәңгір училищесінің түлектері ішінде Мұхамед-Салық Бабажанов пен қазақ арасынан шыққан тұңғыш генерал-полковник Ғұбайдолла Жәңгіровті, Мақаш Бекмұхамедовты ерекше атауға болады. Бөкей ордасы мектептерінен сондай-ақ Ғұмар Қараш, қазақ қыздары арасынан шыққан тұңғыш дәрігер Аққағаз Досанова мен тұңғыш мұғалім Алма Оразбаева, генерал Шәкір Жексенбаев, ақын Тайыр Жароков, актриса Хадиша Бөкеева, композиторлар Шамғон Қажығалиев, Базарбай Жұбаниязов, Мансұр Сағатов секілді талай танымал тұлғалар шыққан. Бұған үш Кеңес Одағының Батыры мен жиырмаға жуық академикті қосыңыз.

Осы керемет саяхатты ұйымдастырған Батыс Қазақстан облысының әкімі Алтай Көлгіновке, Алматыдан өзімен бірге ерте барып, тарихи мекенді көруге мүмкіндік жасаған жазушы Сәбит аға Досановқа шексіз алғыс білдіреміз. Адамдарының ақ пейілін айтсайшы. Құмда өскен құмаршықтың дәмінің өзі неге тұрады? Кешегі ашаршылықта талай адамды аман алып қалған өсімдігіңіз – осы. Тақырып таусылмайды. Оның бәрін қамти алмаспыз. Мың рет естіп, жүз рет оқығаннан, бір рет көзбен көрген артық.

Төреғали Тәшен

Алматы – Орал – Бөкей Ордасы – Алматы

